GAZET 2008 JYLDYŃ QYRKÚIEGINEN SHYǴADY
ГАЗЕТА ВЫХОДИТ С СЕНТЯБРЯ 2008 ГОДА

nurlyolke
Nurly Olke

# Nurly ÓLKE

QOǴAMDYQ- SAYASI GAZET
ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 2 (722) 12.1. 2023 E-mail: nurliolke@mail.ru nurlyolke.kz

ИНВЕСТИЦИЯ

## НИДЕРЛАНД КОМПАНИЯСЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ



**МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТЫҢ АЯСЫНДА НИДЕРЛАНДТЫҚ «DUTCH CLEAN TECH» КОМПАНИЯСЫ ОБЛЫС ӘКІМДІГІМЕН БІРЛЕСЕ «АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА КӘРІЗ-ТАЗАРТУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН САЛУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТУ» ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.**

«Меморандум шеңберінде Алматы облысының үлкен проблемасы – кәріз-тазарту жүйесінің тозу түйіткіліне басымдық берілуі қажет. Сонымен қатар өңірде ауыл шаруашылығын дамыту үшін әлеует жеткілікті. Халықтың 83 пайызы ауылдарда тұрады. Бұдан бөлек, Алматы облысында туризмді дамыту мақсатында ең алдымен инфрақұрылымды жақсарту керек. Бүгін құжатқа қол қойылған соң сіздермен жұмыс жасауға белсене кірісетініміз белгілі. Жоғарыда аталған ауыл шаруашылығы, туризм салаларын ілгерілету үшін «Dutch Clean Tech»-тің сіңіретін еңбегі мол болатынына сенімдіміз», – деді облыс әкімі М.Сұлтанғазиев.

Ал компанияның бас маманы Яспер Слюймерс болса облыс тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін қос тараптың бірлескен жұмысы маңызды екенін атап өтті.

«Dutch Clean Tech» технологиясының ерекшелігі – электр энергиясын пайдалану көлемін 30%-ға үнемді қолдану. Ал кәріз-тазарту жүйесі тұнбаларының 40 пайызы қарашірік түзуге қайта қолданылады. Нысандар құрылысының барысында 80 пайыз қазақстандық жеткізуші компаниялармен жұмыс жасаймыз. Біздің компания өңірде 5-8 нысан салуды жоспарлап отыр. Осы уақытқа дейін бірнеше кәріз-тазарту құрылыстарын көріп, проблемамен таныстық. Алғашқы жоба – рекреациялық-туристік аймақтарға бағытталуы мүмкін», – деді Яспер Слюймерс.

Қос тарап өз пікірін білдірген соң меморандумға қол қойды.

## АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНДА ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУЛАР

**АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Е.ӘБДІҚАДЫРОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІМЕН, ОБЛЫСТЫҚ СОТ СУДЬЯЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ СОТТАР ӘКІМШІСІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖАЛПЫ ОТЫРЫС ӨТКІЗІЛДІ.**

Күн тәртібінде Қазақстан Республикасы соттарының төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ҚР Президентінің 2022 жылдың 28 желтоқсандағы №66 Жарлығымен, Алматы облысы бойынша тағайындалған сот төрағалары мен судьялары таныстырылды.

Алматы облыстық сотының судьясы болып Секербеков Бақытжан Тұрарбекұлы - Жетісу облысы Текелі қалалық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып, тағайындалды.

Еңбекшіқазақ аудандық сотына – Баймолдинов Ерлан Әділханұлы, Қарасай аудандық сотына – Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып, Адайбаев Дінмұхамед Жарасұлы, Қонаев қалалық сотына – Жанболатов Жайық Қакеұлы, Қонаев қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына – Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып, Қадыров Әлинасыр Қабиұлы, Талғар аудандық сотына – Келемсеитов Еркебұлан Ермекұлы төраға болып тағайындалды.

Жоғарыда аталған барлық азаматтар қатардағы судьялар.

**Алматы облыстық сотының баспасөз қызметі**

12 ҚАҢТАР – ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ



Қонаев дәуірінің сыр-мұңы мен жай-жапсары туралы сөз қозғау күрделі тақырып. Ол заманның бары мен жоғын бағалап, талдап, таразылау үлкен қабілет - қарымды қажет етеді. Елу жыл ел ағасы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тәрізді ірі тұлға жөнінде айтылар сөз де, естелік те жетіп-артылады. Димаш ағаның кеңестік, онда да коммунистік партия кезеңімен байланысты өткен өміріне кім қалай қараса да, олшын мәнісінде еліміздің

## ҚОНАЕВТЫҢ АТАЖҰРТЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ

іргесін нықтап, еңсесін тіктеп, бүгінгідей қуатты мемлекетке айналдырып кеткендігі бұлжымайтын ақиқат.

Сондықтан да ХХ ғасырда Қазақстанда өмір сүрген мемлекет қайраткерлерінің ішінде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың орны ерекше бөлек. Ол қазақтың, Қазақ елінің атына көптеген игі істерімен абырой мен даңқ әкелді, дүниежүзіне танымал етті. Өткен уақыт қаншалықты күрделі де қарама-қайшылықты болғанымен, Димаш ағаның экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттың мәдениетін дамыту ісінде Қазақстанның көп ұлтты халқының алдында сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр.

Екінің бірінің пешенесіне жазыла бермейтін «Ұлы тұлғаның атажұрты» деген баға жетпес атауды енші еткен, тұғырынан қыран қанат ұландары түлеп ұшқан, бақыт құшқан бақ мекен, құт ұялап, қызыр қиялаған Балқаш елі үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев - өмірдің үлгісі, адалдықтың алқасы, тағылымның тұмары, тектілік пен қанағаттың мектебі іспеттес.

Балқаш ауданы Жетісудың еркесі Іле өзенінің бойында өзінің майда ағысы мен жерінің ырыздығын арттырып, таутаның тулатып, тақырын нулатып жатқан аймақ десек, қазақ деген қасиетті халықтың рухани ұстазына айналған, қазақ біткеннің ойында жүріп, жүрегінде жатталып қалған ғажайып ғұмыр иесі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімімен тығыз байланысты өлке.

«Димекеңнің ел жұрты-алтын бесігі, атамекені ырысы арылмаған, ынтымағы жарасқан, халықтың қасиеті дарыған, елдің салт-санасы, дәстүрі сақталған Балқаш жеріне сәлем беріп қайтуға асық мінезі бар еді. Оған ат ізін салмай кетуді айып санайтын. Өйткені ол жері байсын Бақанастан бірнеше рет республикалық Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа сайланды. Халық сеніміне ие болды, аманат арқалады.

Балқаш ауданының берекелі жерге айналуына, сөз жоқ, республиканың білгір басшысының білікті ойы мен аталық ақылы арқау болды десем, асыра айтқандығым емес» деген Димаш ағаның сан жылғы үзеңгілес досы, мемлекет және қоғам қайраткері Атымтай Қыйсановтың сөз астарын бағамдасақ көп жайтты аңғара түсеріміз анық.

1963-1969 жылдары Балқаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Құсайын Бижанов аудан экономикасын көтеруге нақты не істеу керектігі туралы облыс, республика басшыларының алдына нақты мәселелер қойып, оны іске асыруда үлкен табандылық көрсеткен білгір басшы ретінде ел есінде сақталып қалды. Қолынан келгенше барлық мүмкіндікті жұмылдырып, пайдалана білді. Бірде ол Бақанас ауылында тұратын ақын Балтағұл Бигелдиевтің үйінде шай үстінде: «Бәке, сіз Димекеңнің әкесімен хабарласып тұрады екенсіз. Сол кісінің есіне неге салмайсыз, Димекең өзінің ата-бабасы туып-өскен елін неге бір көріп қайтпайды? Егер ол кісі келіп көрсе, барлық мәселе оңтайлы шешілер еді», - дейді.

(Жалғасы 2,3-беттерде)

# ҚОНАЕВТЫҢ АТАЖҰРТЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Бұл әңгімені ары қарай мемлекет және қоғам қайраткері Ізбасар Балтағұлұлы: «Әкем мен Меңліахмет ақсақалдың арасында болған әңгіменің ортасында мен де бар едім.

- Меке, Хрущев те өзінің елі Калиновкасына барып көмектесіп жатыр ғой. Димекеңе айтыңыз әуелі Құдай, содан кейін тек Димекеңнің көмегі болмаса, ел-жұртыңыздың халі ауыр, - деді әкем қинала сөйлеп.

- Балтағұл, сенде кінә жоқ, айтудай-ақ айтып жүрсің, мен де айтқанмын, ендігі келгенінде қатты айтам, бір мәнісі болып қалар,-деп Меңліахмет ақсақал жылы қабақ танытқан еді,-деп еске алып айтқаны бар.

Осы ел өтініші болар, жоқ әлде өзінің әуелден жоспарында болар, 1963 жылдың күзінде Дінмұхамед Ахметұлы қасына Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Жұмахан Балапановты, Қазақ КСР Автомобиль жолдары министрі Леонид Борисович Гончаровты ертіп келіп, Балқаш ауданын асықпай аралап көреді. Димекеңнің бұл сапары жөнінде Жұмахан Балапанов өз естелігінде былай дейді:

- Күз келіп, егін орағы бітіп, облыстың қысқы дайындық басталған мерзімі болатын. Дүйсенбі күні қызметте отырғанымда Министрлер Кеңесіндегі Димаш Ахмедовичтің көмекшісі телефон соғып, «Сізді Димекең түстен кейін келіп кетсін деп сұрайды»,-деді. Мен мұны естігенен кейін барлық жұмысты тастап, Димаш Ахметовичке барып сәлем бердім.

Димекең әдеттегідей мейірімді жылы шыраймен қарсы алып, «отыр» деп орындықты көрсеткенен кейін, «Мен саған бір сыр айтайын деп шақырдым» деп, аз ғана езу тартып күлді. «Кеше демалыста ақсақалға (өзінің әкесіне) барып сәлем беріп едім. Ол маған өзінің қатты өкпесін білдіріп: «Менің көзімнің тірісінде кір жуып, кіндік кескен Бақанасқа жол салып бермедің-ау балам»,-деді. Меніңше қарияның өкпесі орынды ғой деп ойлаймын.

Балқаш ауданы республикадағы жолы жоқ, шет жатқан аудандардың бірі, бұған алдымен сен екеуміз кінәліміз, осы жұма күні сол ауданға барайықшы. Жыл аяғы ғой, бюджетің қалай еді? Сен облыс бюджетінің бос қалдығынан бір миллиондай ақша тапсаң, осы жылдың қараша айының екінші жартысында жолды Гончаровка бастатар едік те, ал келесі жылы республиканың бюджетіне кіргіземіз ғой»,-деді. Мен: «Димаш Ахмедович, бюджетті қарап, сізге жұмыс аяғына дейін хабар берейін»,-дедім.

- Онда келістік, сенің жауабыңнан кейін Гончаровпен сөйлесермін,-деді асыл аға.

Мен қызметімен қайтып келіп, облыстың қаржы бөлімінің бастығы Черебаевты шақырып алып ақылдастым. Ол «Екі-үш сағаттан кейін сізге келіп айтайын, ондай мүмкіндік бюджетте бар»,-деді. Сағат төрттен аса Черебаев келіп, бірге отырып, есептеп 1 млн. 200 мыңдай сом ақша бере алатынымызды Димекеңе хабарлап айттым. Ол кісі рахметін айтып, «Онда дайындала бер, бейсенбі күні тағы бір хабарласайық»,-деді.



Бір сағаттан кейін Леонид Гончаров хабарласып, «Мен жолдың жобасын жасайтын адамдарды ертең бастап кете берем. Жобаның аяғын күтпей, жеке-жеке блокпен жұмыс істейтін боламыз. Ақшаны келесі жұмада аударып бересіз бе?-деді. Мен: «Ақша айтқан күніңізде дайын болады» деп жауап қайтардым.

Бейсенбі күні телефонмен келісіп, жұма күні таңертең сағат 8-де облыстық атқару комитетінің алдынан Димекеңді тосып алатын болдым. Айтқан мерзімде Димекең келіп, өзінің машинасына мені шақырды да: «Сенің машинаң артымыздан жүре берсін»,- деді. Машинаға келіп отыра бергенде сағат 8-дегі радио хабарда Американың президенті Джон Кеннедидің мергеннің оғынан қаза болғанын естідік. Мұны естіген Димекең «Дүние жүзіндегі мемлекет басшыларының ішіндегі ең жасы еді, обал болған екен» деп өзінің пікірін айтты.

Қапшағайдан асып, аудан аумағына жақындағанда алдымыздан Балқаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Құсайын Бижанов, қасында аудандық атқару комитетінің төрағасы Молдажан Қозыбаев және Леонид Гончаров біздерді қарсы алып, келешек жол құрылысының басталатын жерін, ары қарай жалғасатын учаскелерді картамен көрсетті. Леонид Гончаров Бақанаста 2-3 күннен бері жолдың жобасын жасайтын мамандардың тобы ауданның жерін жақсы білетін адамдарымен қоян-қолтық бірігіп, қызу жұмыс істеп жатқанын Димекеңе баяндап берді.

Жолай Димекең күзде қойларын күйекке дайындап, сулы жерді жағалап келіп, мекен етіп отырған шопандармен кездесіп, олардың қал-жағдайларымен танысып, жұмыстарына жеміс тілейтінін айтып қоштасып, кейін осы күнгідей жайнап, теп-тегіс болып жатқан асфальтталған жолдай емес, ойлы-шұңқырлы, шаң-тозаңы қаптап жатқан, көптен ел қиындықпен жүріп жүрген жолмен жүріп, шаршаңқырап аудан орталығы Бақанасқа келдік.



Балқаш көліне дейін Іленің қос қапталын алып жатқан боз далада бір кездері өркеш-өркеш шағыл құмдар мен жабайы аңқұстар және сексеуілден басқа көзге ілінер нәрсе көрінбейтін. Мал баққан халық қалың тоғай ішінен шықпай, мына тұрған Алматыны да көп көрмей өтетін тұстары да болған. Өйткені, ол кез алқап игерілмеген, жолы салынбаған заман еді. Малайсары, Тасмұрын асуларынан өтетін жол болмай, өгіз арбамен Алматыға Аққөл, Көктал, Қарагой, Құйғаннан апталап, айлап жететін кезең еді.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Балқаш ауданының тағдыры көмескіленіп, жүдеу тартып тұрған болатын. Өйткені, аудан мемлекетке жылына орта есеппен 12-13 мың тонна ет, 1,5 мың тонна жүн және 10 мыңдай дана қаракөл терісін ғана тапсыратын. Статистикалық мәліметтерде Алматы облысының басқа аудандарында мемлекетке тапсырылған астық, көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдері және тағы басқа көрсеткіш болса, Балқаш ауданының тұсында тек сызықшалар тұратын. Сондықтан да Балқаш ауданы облыстың көш соңынан ілгері баспай-ай қойды.

Сол кездегі КСРО Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Никита Хрущевтің аудандарды аймақтарға бөліп, қайта құру саясатына байланысты Мәскеу билігі ауыл шаруашылығын көтереміз деген сылтаумен аудандарды бір-біріне қосып, түсініп болмайтын, аласапыран саясат жүргізіп жатты. «Жақында біздің ауданды Іле немесе Жамбыл аудандарының біріне қосады екен, ауданның ауыл шаруашылық басқармасы Жамбыл аудандық аймақтық басқармасына бағынышты болады екен, Балқаш, Іле, Жамбыл аудандарының газеттері бірігеді екен» деген гу-гу әңгіме елді елеңдетіп, еңселерін езген әліара шақ орнаған болатын.

Құсайын Бижановтың Балқаш ауданының бірінші хатшысы болып тағайындалуы дәл осы 1963 жылдың көктемімен тұспа-тұс келді. Аудан алдында ұлан-ғайыр міндеттер тұрды. Мәселен, аудан орталығы саналатын Бақанас селосында шатырсыз үйлер, ескі ғимараттар көп болатын. Суы мол, жері жетерлік болса да, ауданда егін егу кеңінен қолға алынбады. Ол өз кезегінде мал шаруашылығының дамуына да кедергі келтіріп тұрған еді. Міне, осы жағдайдан шығу үшін Құсайын Бижанов ерлікке тән қадам жасауына тура келді.

Аудан экономикасын көтеру үшін не істеу керек, неден бастау керек? Ауданда өзінің қандай жұмыстарға шамасы келетінін, ал қандай жұмыстарды облыс пен республика үкіметінің алдына қою керек деген мәселелермен де ауданның көпті көрген ақсақалдарымен ақылдасуы да халықтың көкейінен шығып, елдің еңбекке деген құлшынысын арттырды. Осы жоспарларын іске асыру үшін арнайы бағдарлама жасатып, оны облыспен келісіп, аудан мен облыс көлемінде бекіттіріп, ғылымға негізделген нақтылы жоспармен іске кірісті.

Аудан экономикасын көтеру жөнінде аудан, облыс мамандары, басшылары, ғалымдар қатынасқан үлкен шаруашылық кеңесін өткізіп, бағыт-бағдарды белгілеп, бекітіп алды да, ал енді шаруаға кірісейік деп өте қатаң тәртіппен талап қойды. Міне, осындай сара басшылықпен аудан еңбекшілерін бір кісідей еңбек етуге жұмылдырудың арқасында аудан экономикасы біртіндеп көтеріле бастады. Дінмұхамед Қонаевтың ауданға келіп қайтуы бұл процесті тіпті жеделдете түсті.

-Өткен XX ғасырдағы қазақтың ұлы тұлғасы-Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты көріп, алғашқылардың бірі болып қолынан алу бақыты маған да бұйырыпты,-деп еске алады Бақанас ауылының тұрғыны, зейнеткер Иманбек Әбдірахманов Димаш ағаның Балқаш ауданына келген алғашқы сапары жайында.

1963 жылдың қазан айының 30-ы болатын. Сағат он бір шамасы Балқаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Құсайын Бижанов аппарат қызметкерлерін шақырып алып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Қонаевтың келетінінен хабардар етті. Мен ол кезде аудандық партия комитеті хатшысының көмекшісі едім.

Артынан аудан орталығындағы басты кәсіпорындары мен білім, денсаулық сақтау және басқа да мекеме басшыларын шақырып, жақсы хабармен таныстырды. Оларға мекемелердегі тазалық пен еңбек тәртібі жайын қадағалау жұмыстарын пысықтады және жақсылық хабарды уақытша халыққа жариялామай тұра тұруды ескертті.

Асыға күткен уақыт та келіп жетті. Сағат кешкі 5-тер шамасында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев аудандық партия комитеті кеңсесінің алдына келіп тоқтады. Ол кісі өте бойшаң екен. Аппарат қызметкерлері бәріміз жиналып, есік алдында күтіп тұрғанбыз. Біздермен қол алысып амандасады деп тіпті де ойлаған да жоқпыз. Есікке кіре берісте тұрған Қамза Жақыповқа келгенде: «Жігітім, сізбен жаңа амандастық қой»,-деді. Сөйтсек, Димекең алғашында өндірістік комбинатта болыпты. Аталмыш мекеме осы нұсқаушының қамтитын аймағына жататын. Сонда қол алып амандасқан екен. Димаш ағамыз қандай зерек, зерделі. Бұрын көрмеген, танымайтын адамды бір көргеннен есіне сақтай алатын қабілетіне бәріміз таңқалдық. Ұлының аты ұлы деген осы шығар. Адамға сирек берілетін табиғи қасиетті Димаш ағаның бойынан сол кезде көріп, есімде ұмытылмастай жатталып қалды. Ауданымызға ол кісімен бірге Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Жұмахан Балапанов қоса келді. Димаш Ахметұлы шамалы уақыт партия комитетінің бюро және атқару комитеті мүшелерімен кездескен соң, Бақанастағы өндіріс, сауда және денсаулық орындарын аралап көріп, ондағы жұмысшылармен сұхбаттасып, партия комитетіне қайта оралды. Кездесуде халықтың жылы шырайына разы болғандығын ақ пейілінен таныдық.

Кешкісін аудандық партия комитетінің бюро мүшелері атқару комитетінің жауапты қызметкерлері мен сол сияқты ауданда көп жылдар қызмет атқарған еңбек ардагерлерімен

бас қосқан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қатысқан үлкен мәжіліс болды. Олардың қандай жұмыс істеп жатқаны және аудан экономикасын дамытудың жай-жапсары мен халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында атқарылып жатқан шаралары мен алда тұрған міндеттерді мұқият тыңдап отырды.

Жиын соңында Димаш Ахметұлы аудан экономикасын жақсартудың алда тұрған келелі міндеттеріне тоқтала келіп, өзінің ақыл-кеңестерін айтып, белгіленген міндеттерді орындау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарымызға сәттілік тіледі. Жиында келешектегі жол құрылысының жоспары қаралып, Димекең жергілікті басшылардың, тәжірибелі ақсақалдардың ұсыныстарын тыңдап, жоспар жасап жатқан топтарға осы құнды ұсыныстарды ескеруді тапсырды. Жиналыста жол құрылысы қарашаның 15-нен басталатын болып бекітілді.

Ал, бір күннен кейін, яғни қараша айының 2-інде ауданның бірінші хатшысы Құсайын Бижанов Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауында болатын болды. Осыған орай, аудандық партком хатшысы Әниятулла Ахметов, Нарша Нұрайдаров, ауатком төрағасы Молдажан Қозыбаев, ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Құдайберген Әбдірахманов ақылдасып отырып, шұғыл арада көлемді хат дайындады.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне жазылған хатта Балқаш ауданының территориялық орналасуы, облыс орталығынан шалғайда жатқаны, әлеуметтік жайы, шаруашылық ерекшеліктері, қатынас саласының алшақтығы мен байланыс қиыншылықтары кеңінен қамтылды. Сонымен қатар, Балқаш ауданын көршілес жатқан аудандарға қосатын болса, халықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайының қиындай беретіні жазылып, ауданның өз орнында қала беруі сұралды. Бұл сол уақыттағы өте күрделі мәселелердің ішіндегі ең бастысы еді.

Хатта аудан орталығынан Алматыға жол қатынасының қиындығы айтылып, Іле-Бақанас тас жолын салуға көмек көрсету, малшылардың балалары үшін бірнеше мектептерде орналасқан интернаттарды бір орталыққа шоғырландыру үшін көп қабатты мектеп-интернаттың керектігі сұралды. Аудан негізінен мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан малшылардың өтініш-тілектерін қамтамасыз ету үшін аудандық тұтыну қоғамының ескірген қоймаларының талапқа сай еместігі қозғалып, өндіріс комбинатының малшыларды аралап қызмет көрсетуіндегі автотранспорттың жетімсіздігіне жәрдем көрсету жайы да ұмыт қалмады.

Д.Қонаевқа жіберілген сол хаттың ішінде ауданның экономикасына бірден-бір ықпал жасайтын, суармалы егіс танаптарына қол жеткізу үшін Құланбасы су қоймасы құрылысын бастау да бар еді. Егер Құланбасы су қоймасы біткен жағдайда Тасмұрын каналы кеңейтіліп, күріш егуге мүмкіндіктер туып, ауданның астықты ауданға айналатыны, сөйтіп, мемлекетке астық өнімдерін тапсыруға қол жететіні, мал өнімдерін молайтуға, жем-шөп қорының артатыны және шұрайлы жайылымдар көлемінің кеңейетіні де толық қағаз бетіне түсірілді.

Міне, осы хатта жазылған мәселелер араға көп уақыт салмай үкімет деңгейінде қаралып, 1963 жылдың 30 қарашасында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Қонаев қол қойған №2109-р санды Жарлық Балқаштың бағын ашқан тарихи құжатқа айналды. Осы құжатта Ақдала алқабын игерместен бұрын Балқаш өңіріне көз тігіп, қолдан келген қамқорлығын көмегін ұсынғанын аңғару аса қиын емес.

Сол қаулының негізінде ең бірінші ұзындығы 131



километрлік Іле-Бақанас жол құрылысы қолға алынды. Жол құрылысына 100-ге жуық автомашина қатыстырылып, бастапқы кезде оның 110 километріне қиыршық тастар төселіп, 50 километрі асфальттанды. Жіңішкеқұм, Жуанқұм, Шолақжал құм төбелері арқылы жол төсеу келесі жылдың еншісіне қалдырылды.

Тұтынушылар кооперациясы 1964 жылы сегіз пәтерлік тұрғын үй, 2 дүкен, 40 тонналық мұздатқыш, аудан орталығында наубайхананы қайта жаңалау, асхана, Тасмұрын мен Көктал, Қошқарбай, Аралтөбе ауылдарында дүкен салуды қолға алды. Оны толығымен аяқтап, пайдалануға беру 1965 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланды. Мал шаруашылығы еңбеккерлеріне қызмет көрсету үшін 4 автодүкен бөлінді.

Бақанас ауылындағы үш қабатты мектеп-интернаттың құрылысын салуға СМУ құрылысшылары іске кірісті. Аудан орталығында электр жүйесін монтаждау жүргізіліп жатты. Сонымен бірге аудан орталығын көріктендіру, көркейту, көгалдандыру мақсатында 9 километр жолға қиыршық тас төселіп, 4,5 километр жол асфальттанды, 7500 түп ағаш отырғызылды.

Қазақ КСР Байланыс министрлігі 240 нөмірге коммутатор орнатып, телефон жүйесін толығымен жаңартып шықты. Сонымен бірге аудандық байланыс бөлімінің әкімшілік ғимаратын және сегіз пәтерлік тұрғын үй салу қарастырылды. 1964 жылы аудан орталығынан шалғай орналасқан «Қараой» совхозына телефон желісі тартылып, 3 пункттің құрал-жабдықтары жаңартылды. Қарағаш ауылына 20 нөмірге коммутатор онатылып, Іле өзенінің сол жағалауына орналасқан «Желтораңғы» совхозына телефон желісі тартылды.

1967 жылы Бақанас ауылында 300 орынға арналған кинотеатр пайдалануға беріліп, Қазан төңкерісінің 50 жылдығы құрметіне «Юбилейный» деп аталды. 1964-1966 жылдарда аудандағы бес совхозға тұрмыстық қызмет көрсету павильондары салынды. Аудандық тұрмыстық комбинатына 6 автомашина, оның ішінде 2 автошеберхана, 1 УАЗ, Газ 69 автокөліктері бөлінді. Қазақ КСР Мәдениет министрлігі 3 автоклуб, Қазақ КСР Денсаулық министрлігі 4 жедел жеңіл автомашинасын бөлді. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің тапсырмасы бойынша 1964 жылы ауданға 5 дәрігер және 8 мейірбике мамандықтары бойынша жұмысқа шақырылып, орналастырылды.

Ғалымдардың дәйекті зерттеулеріне сүйенген Дінмұхамед Ахметұлы Мәскеуге Ақдала алқабында күріш өсіріп қана қоймай, одан мол өнім алуға болатындығын табандылықпен дәлелдей білді және жоспарлы түрде қолға алды. Соның нәтижесінде Ақдала алқабын игеру-Кеңес үкіметінің республикаарлық маңызы бар үлкен жоба ретінде мақұлданды.

Ақдаланы игеру үшін орасан қаржы, адам күштеріне қоса техника қажет еді. Оның үстіне, жеме-жемге келгенде беделді ғалымдардың біразы «Ақдала алқабы климаттық жағдайында күріш дақылын өсіруге аса қолайлы емес, мол өнім алу мүмкін емес, өзін-өзі ақтамайды» деген пікірлер айтып, қарсылық та білдірген болатын. Осы тұста кімге де болса өзіне үлкен жауапкершілік алу, нартәуекелге бару-қыл көпірден өтумен бірдей еді. Ол кезде барлық істер тек Мәскеу арқылы шешілетін. Оның құзырынсыз ешнәрсе қолға алынбайтын. Соған қарамастан Балқаш елінің болашағын ойлаған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тәуекелге бел байлап, өзіне үлкен жауапкершілік алды.

Егістік жерлерді тақтайдай етіп тегістеп, атыздар жасауды іс жүзіне асыру мақсатымен КСРО Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі арнаулы мекеме «Союзиливодстрой» басқармасын құрды. «Гипропроектінің» қазақ филиалы Іле өзенінен Қапшағай су электр станциясының салынып жатқанын, сыйымдылығы 23 миллиард текше метр су қоймасының жасалатынын ескере отырып, кешенді пайдаланатын күріш өсіруге жарамды жерлердің схемасын жасады. СОКП Орталық Комитеті мен СОКП Министрлер Советінің «Дәнді және басқа да ауыл шаруашылық дақылдарының тұрақты және мол өнім алу үшін жерді мелиорациялауды кеңінен өрістету туралы» шешімдерінде су құрылыстары органдарының алдына мемлекеттік маңызы зор міндет қойды.

Ол-Балқаш ауданының шөлейт даласындағы тың жерлерді игеріп, ірі күріштi аймаққа айналдыру. Осы мақсатқа мемлекет тарапынан 1,9 миллиард сом қаражат бөлінді. Оның 45,7 миллион сомы шаруашылықтар құруға, магистральдық каналдар салуға, 89,3 миллион сомы ішкі су жүйелерін ретке келтіруге, 34,4 миллион сомы егістікті тегістеуге, 35,8 миллион сомы коллекторлы дренаждар жасауға пайдаланылды.

Келешекте бұл аймақ дәндариясына айналып қана қоймай, жер қайысқан малды өлкеге айналатындығы жөнінде Алматы малдәрігерлік-зоотехникалық институтының ұйымдастыру және экономика кафедрасының меңгерушісі, профессор И.В.Чернышов келешекте аудан шаруашылықтарында 2.365 мың қой, 292,5 мың ірі қара, 41,7 мың жылқы, түйе өсіріледі. Етке өткізілетін қойдың салмағы 50-60 килограмға, ірі қара 350-370 килограмға жеткізіледі. Әр сиырдан 3000 килограмнан сүт сауу қамтамасыз етілетіні жөніндегі өз пікірімен бөліскен еді.

1968 жылдың 27 ақпанында «Бақбақты» күріш совхозының іргетасы қаланып, қызу жұмыс қарқын алып жүре берді. Тың игерудің саясатымен астаса атқарылған ұлан-ғайыр осы істі ілгерілету үшін республиканың сол кездегі бар мүмкіндігі жұмылдырылғаны белгілі. Әйгілі «Союзиливодстрой» деп аталатын мекеменің механикаландырылған су шаруашылықтары, ирригациялық жүйе қалыптастыратын инженерлік құрылымдары Ақдала алқабын игеруге жіберілді.

Жаңа шаруашылықтар құрылып, құмды өлке күріштi өңірге айнала бастаған кезде ең білікті мамандар, талапшыл да тәжірибелі басшылар іріктеліп, жаңадан ұйымдастырылған совхозға күріш өсіруде мол тәжірибелері бар Қаратал өңірінен маман кадрлар шақырылды. Оның ішінде көптеген корей халқының өкілдері отбасыларымен көшіп келіп, қоныстанды. Осыдан кейін ауданда бірінен кейін бірі жаңа күріш совхоздары ұйымдастырыла бастады. 1968 жылы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы совхоз, 1975 жылы «Ақдала» совхоз, 1979 жылы Тыңның 25 жылдығы атындағы совхоз, 1985 жылы «Жеңіс» совхозы құрылды. Ақдала алқабы республикаға белгілі күріштi аймаққа айналды.

Дінмұхамед Қонаев Бақанас сайлау округінен 1967-1987 жылдар аралығында бес рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Халық сеніміне ие болды және сайлаушылардың берген аманатына адал болды. Балқаштың берекелі жерге айналуына, сөз жоқ, Димекеңнің білікті ойы, аталық ақылы арқау болды.

«Бақанас-Алматы облысындағы Балқаш ауданының орталығы. Астанадан тұп-тура екі жүз шақырым. Әрине, арқа-басы кең адам үшін бұл ат арытып, тон тоздыра қоятын жер емес. Ал, бір қолын екі ете алмай, әрбір минөтін қасқалдақтың қанынан бетер қастерлеп, қайтсем тиімді пайдаланам деп жүрген кісіге ит арқасы қиянмен бірдей. Маған бір емес, бірнеше рет зор сенім көрсетіп, республика Жоғары Кеңесіне депутат етіп сайлаған тұста мен осы екінші жағдайды бастан кешіп едім. Соған қарамастан осынау ырысы арылмаған, ынтымағы жарасқан, халықтың қасиеті дарыған, елдің салт-санасы, дәстүрі сақталған жерге сәлем беріп қайтуға асық едім. Әлі де сол әдет, сол мінез бар», - деп Димекең өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген кітабында осылай ой толғаған екен.

Бітім болмысына парасаты сай Дінмұхамед Қонаевтың Димекеңнің өмірден өткеніне биыл 29 тоғыз жылдың жүзі болды. Алайда оның есімі мен жасампаз істері ел есінде көмескі тартудың орнына жылдан жылға асқар шыңдай биіктей түсуде. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 4 мамырдағы Жарлығымен Қапшағай қаласына Қонаев атауы беріліп, Алматы облысының орталығы атанды. Араға көп уақыт салмай 14 мамырда Балқаш ауданының орталығындағы Д.Қонаев атындағы саябаққа Димаш ағаның еңселі ескерткіші ашылды. Бұл балқаштықтардың өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті, артында өшпес із қалдырған ірі тұлғаға көрсеткен шынайы құрметі болды.

Балқаш ауданының халқы үшін жыл сайын ұмытылмайтын екі күн бар, бірі – Дінмұхамед Ахметұлының өмірге келген күні болса, екіншісі – өмірден қайтқан күні. Бұл күндері ерекше көңіл-күймен ескерткіш алдына жиналған көпшілік Димекеңмен кездескен, жүздескен шақтары қайта айналып келгендей ғажап әсерге бөленеді. Дінмұхамед Қонаев Балқаш ауданын айрықша жақсы көрді. Балқаш елінің келешегі үшін қолынан келген барлық мүмкіндікті жасап, қамқорлық көрсетті.

Қазаққа құдай берген «тәуба», «шүкіршілік» деген ұлы сөздер бар. Қандай биікте, биікте болса-дағы Димекең тәуба, шүкіршілік деген ұғымға терең бойлап, мұны қатты ұстанған.

«Мен тәңірі сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім, жан ауыртқан күндерді де бастан кештім. Ол менің ғұмырым, бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Бозбала шағымда қара бастың қам-қарекеті болса болған шығар, бірақ ат жалын тартып мінген кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсат елмен еншілес болды, халқым. Саған қалтқысыз қызмет еттім, аманатыңа адал болдым, соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден танбаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ, ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтра кешірім сұраймын.» деген Дінмұхамед Қонаевтың ұлылығына қалай сүйсінбейсің, қалай басыңды имейсің.

Ғұмыры аңызға айналған замана заңғары Дінмұхамед Қонаевтың өмірімен танысу, оның өмірлік ұстанымдарын зерттеу – әрбір қазақтың парызы болып қала бермек. Алланың адал елшісіндей, заманының Пайғамбары атанып, туған жерінің туын тік ұстаған, елімен бірге тыныстаған, кішілігі мен кісілігін таразы басында тең ұстаған, елімен еншілес, халқымен қанаттас, жұртымен жұптас болған Д.Қонаев есімі елімен бірге жасай беретіндігін уақыттың өзі әділ бағасын берді.

**Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,**
**Қазақ журналистикасының қайраткері,**
**Балқаш ауданының Құрметті азаматы**

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында ашқан жобалардың бірі – FinGramota.kz оқыту сайты жеке тұлғалардың банкроттығы туралы толық түсініктеме ұсынады.**




# ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ ДЕГЕН НЕ?

2022 жылғы 22 желтоқсанда мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Банкроттық туралы заң) қол қойды. Бірақ ол ресми жарияланғаннан кейін 60 күн өткеннен соң әрекет ете бастайды. Бұл дегеніңіз, қарыздары бар, сол қарыздарын өтей алмайтын азаматтардың 2023 жылғы 3 наурыздан банкроттыққа өтініш бере алатынын білдіреді.

Банкроттық туралы заң рәсімнің үш түрін көздейді, олар – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Аталған рәсімдерге тек қарыз алушының өзі бастамашы бола алады, яғни несие беруші борышкердің банкроттығына өтініш беруге құқылы болмайды.

## Соттан тыс банкроттық қашан қолданылады?

Қарыз алушы-жеке тұлғаның банктердің, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің алдындағы берешегі 1600 айлық есептік көрсеткіштен (2023 жылы бұл 5 млн 520 мың теңге) аспайтын болса, онда ол соттан тыс банкроттық рәсімін қарастыра алады. Бірақ қарыз алушы төмендегідей кейбір талаптарды сақтауы керек:

- оның атына тіркелген, оның ішінде, ортақ меншіктегі мүлік болмауы керек;
- өтініш берілген күні, қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлардың, коллекторлардың алдында міндеттемелер бойынша төлем жасамаған болуға тиіс;
- мерзімі өткен берешек туындаған уақыттан бастап, 18 айдан аспайтын мерзімде борышкерге қатысты кредиттік шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілген болуға тиіс;
- өтініш берілген күні ол 7 жыл бойы банкроттықты қолданбаған болуға тиіс.

Сондай-ақ соттан тыс банкроттыққа өтініш берілген күні 5 жылдан астам уақыт бойы өз берешегін өтемеген қарыз алушы – жеке тұлғалар жүгіне алады.

Алты ай бойы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын борышкер кешіктірілген мерзімді ескерусіз аталған рәсімді қолдануға өтініш бере алады.

Аталған рәсімді қолданғаннан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі беріледі.

Өтінішті 2023 жылғы 3 наурыздан бастап, «электрондық үкіметтің» www.egov.kz. веб-порталы арқылы беруге болады. Қазіргі уақытта тестілеуден өтіп жатқан ақпараттық жүйе арқылы борышкердің қажетті өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан мүдделі мемлекеттік және өзге де органдардың деректерімен автоматты түрде салыстырып тексеру жүргізілетін болады.

## Сот арқылы банкроттық қашан қолданылады?

Азаматтар аталған рәсімді 1600 АЕК-тен астам борыштар бойынша (2023 жылы – 5 млн 520 мың теңге) және кредиторлар алдындағы борыштардың барлық түрлері бойынша қолдана алады.

Сот арқылы банкроттық барысында борышкердің мүлкі сауда-саттық кезінде сатылады. Алайда, бұл жерде ескеретін тұстар бар. Кредитор сот арқылы банкроттық барысында борышкердің жалғыз баспанасын тек ол кепіл нысанасы болған жағдайда ғана алып қоюға құқылы.

## «Банкрот болған адамдар» үшін салдары қандай?

Соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға шешім қабылдаған борышкердің мыналарды білгені дұрыс:

- 5 жыл бойы қарыз және микрокредит алуға тыйым салынады (ломбардтардың микрокредиттерін алуды қоспағанда);
- қайта банкроттық болу 7 жыл өткен соң ғана мүмкін болады;
- банкрот болған тұлғаның қаржылық жағдайына банкроттықтан кейін 3 жыл бойы мониторинг жүргізілетін болады.

Алименттер бойынша, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық бойынша шығынды өтеу жөніндегі борыштар есептен шығаруға жатпайды.

## Банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі туралы толық консультацияны қайдан алуға болады?

Жеке тұлғаның банкроттығы тәртібі туралы анағұрлым толық ақпарат ҚР Қаржы министрлігінің және ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурстарында жарияланады.

Қосымша ақпарат алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ байланыс орталығына 1414 нөміріне (қосымша нөмір 3) не **https://t.me/SalyqBot** telegram-чатына хабарласуға болады.

**Қаржылық сауаттылығыңызды Fingramota.kz-пен бірге арттырыңыз!**

ПРАЗДНИК

# ДАВАЙТЕ ВЕРИТЬ В ЧУДЕСА!



**НОВОГОДНЯЯ ЕЛКА БЫЛА ОРГАНИЗОВАНА ДЛЯ ДЕТЕЙ-АУТИСТОВ В ДЕТСКОМ РАЗВЛЕКАТЕЛЬНОМ КОМПЛЕКСЕ «КОСМОС» В ГОРОДЕ ҚОНАЕВ. ЧТО МОЖЕТ БЫТЬ ТРОГАТЕЛЬНЕЕ СЧАСТЛИВОГО, ЗАДОРНОГО ДЕТСКОГО СМЕХА? ТАК СЧИТАЮТ И СПОНСОРЫ, ПОДАРИВШИЕ ДЕТЯМ СЛАДОСТИ, ПРЕКРАСНОЕ НАСТРОЕНИЕ, НЕЗАБЫВАЕМЫЙ ДЕТСКИЙ ПРАЗДНИК - АДМИНИСТРАТОР ДЕТСКОГО РАЗВЛЕКАТЕЛЬНОГО КОМПЛЕКСА «КОСМОС» ЖУЛДЫЗ ШИРБАЕВА, ДЕПУТАТ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ГОРЯНОЙ СЕРГЕЙ, ПОДПОЛКОВНИК ОДНОЙ ИЗ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ НАЗАРОВ ТОЛЕГЕН.**

Как переливались яркие новогодние игрушки на красавице-елке! Как блестели мохнатые снежные гирлянды и волшебные шары! От наряженной пушистой елочки невозможно было отвести взор. Что нужно для проведения детского праздника? Правильно! Искренние, чистые сердца организаторов и спонсоров, которые постарались порадовать приглашенных на торжество малышей щедрыми подарками, сердечными пожеланиями и доброй энергетикой. Особенные ребятишки на расстоянии вытянутой руки чувствуют людей - можно ли довериться гостям, пришедшим на праздник для поздравлений?

Веселые возгласы, раскованные движения детей в танцах подтверждали положительное восприятие от всеобщей праздничной суеты. Малыши радовались сказочным персонажам-аниматорам, прекрасной музыке, подобранной к празднику. Мамы с удовольствием запечатлевали видео на память, чтобы продлить при просмотре дома зажигательные моменты. Это счастье, когда у тебя появилось столько друзей, с которыми можно будет после праздника созвониться и поделиться своими детскими новостями. Было очень приятно, что сдружились и родители, которые с трепетом готовились к новогоднему празднику – шили костюмы, завивали локоны принцессам и снежинкам, разучивали с ними стихи и песни. Великий В.Гюго по этому поводу заметил: «Нет на земле гимна торжественнее, чем лепет детских уст».

Новогоднее торжество завершилось благодарственными письмами от организаторов сказочного представления - председателя Айжан Абраимовой и родителей сообщества детей-аутистов города Қонаев.

*Жанар* **ДАУРЕНБЕКОВА**





# ПЕРВЫЙ ПРЫЖОК ДЕСАНТНИКОВ ҚОНАЕВА

**В РАМКАХ ПОДГОТОВКИ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ СВЫШЕ 200 ВОЕННОСЛУЖАЩИХ АЛМАТИНСКОГО И КОНАЕВСКОГО ГАРНИЗОНОВ ВЫПОЛНИЛИ ДЕСАНТИРОВАНИЕ С ВОЗДУХА. ОКОЛО 100 СОЛДАТ СРОЧНОЙ СЛУЖБЫ СОВЕРШИЛИ ПРЫЖКИ С ПАРАШЮТОМ ВПЕРВЫЕ.**

Прыжки с парашютом – основной элемент боевой подготовки воинов-десантников. Шаг в бездну с 800-метровой высоты – это не только незабываемые эмоции, но и проверка на мужество.

Десантированию предшествовало тщательное обучение. Молодые солдаты в совершенстве освоили укладку парашюта. Это чрезвычайно важная задача, к которой десантники всегда подходят со всей ответственностью.

На земле предпрыжковый курс включал в себя занятия на тренажерах воздушно-десантного комплекса, где военнослужащие отрабатывали действия в воздухе, в том числе при возможных нештатных ситуациях. Тренировки на 25-метровой вышке позволили им психологически подготовиться к прыжку, выработать бесстрашие и уверенность.

Уже на летном поле, перед посадкой в вертолет с десантниками провели инструктаж. Опытные наставники напомнили о мерах безопасности и проводили их традиционным напутствием: «Полного купола и мягкого приземления».

После приземления десантники выполнили тактические задачи.

– Десантника потому и называют десантником, а не парашютистом, потому что прыжок с парашютом – это способ доставки к месту выполнения боевой задачи. После десантирования командиры групп осуществили сбор личного состава в условленном месте и установили связь с командованием. Задачи по захвату и удержанию обозначенных объектов группы выполняли на время, – пояснил командир бригады подполковник Данияр Карманов.

Поставленные командованием задачи военнослужащие выполнили успешно. А те, кто совершил прыжок с парашютом впервые, заслужили право носить голубые береты и тельняшки, которые отличают представителей Десантно-штурмовых войск.

**ПРЕСС-СЛУЖБА МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ РК**

---

ЗДОРОВЬЕ



**Профессиональные заболевания – это болезни, причиной которых стали неблагоприятные факторы на производстве. Так как специфика у профессий разная, то и болезни тоже различные. Так, у продавца, преимущественно стоящего на работе, распространенные отклонения – болезни опорно-двигательного аппарата. У работников офиса – заболевания глаз и позвоночника. У шахтеров развиваются грибковые заболевания, проблемы с суставами, а из-за неблагоприятных условий труда слабая иммунная система (ОРВИ).**

# ПРОФИЛАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Самые распространенные среди всех профессий – заболевания ЖКТ. Профилактика позволит во много раз снизить риск возникновения подобных заболеваний. «Профилактика профессиональных заболеваний – это система различных мер, которые направлены на снижение риска профзаболеваний, замедление развития уже существующей болезни, уменьшение опасности травматизма на производстве». Сегодня проблема профилактики особенно распространена во всем мире. В связи с этим вопросы диагностики, регистрации и профилактики профессиональной патологии являются далеко не последним аспектом социального благополучия общества и требуют подробного рассмотрения. Во время труда на работающего оказывают влияние факторы производственной среды и трудового процесса, они могут оказать негативное влияние на здоровье.

Однако, полное исключение неблагоприятных воздействий невозможно. Это невозможно даже в тех производствах, где используются современное оборудование, передовая технология, высокая культура производства, хорошее медицинское обслуживание. Тем более это невозможно на предприятиях, где сохраняются условия экономического кризиса, устаревшее оборудование, не современная технология. Таким образом, вопрос о профилактике профессиональных заболеваний стоит остро. Возникновение профессиональных заболеваний зависит от одновременного воздействия всех негативных факторов и от качества рабочего процесса. Все работающие обязаны приобрести гигиенические знания и навыки, выполнять требования и нормы, которые обеспечивают безопасность их труда.

Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ) выделяет 3 вида профилактики заболеваний: первичную, вторичную и третичную. Термин «первичная профилактика» означает профилактику негативных факторов среди здорового населения, «вторичная профилактика» - профилактика развития болезней у населения непосредственно подверженным негативным факторам, «третичная профилактика» - профилактика прогрессирующих заболеваний для исключения серьезных нарушений и инвалидности. Первичная профилактика направлена на изучение и снижение действия негативных факторов, предупреждение развития болезней всего населения, профессиональных и возрастных групп и личностей. Вторичная профилактика направлена на снижение риска развития хронических заболеваний и их обострений, ограничений работоспособности и ограничений, уменьшения трудоспособности, так как это может привести к инвалидности и, в некоторых случаях, преждевременной смерти.

